

## **Қазақстан Республикасы темір жолдарының халықаралық темір жол жүк қатынастары туралы келісім негізінде халықаралық және мемлекетаралық жүк тасымалын ұйымдастыруға көшуі туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 4 мамыр 1994 ж. N 474 Қаулысы

Халықаралық және мемлекетаралық қатынастарды (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде) жүктерді темір жолдармен тасығаны үшін тасымал төлемін алуды толық қамтамасыз ету және есеп айырысуды жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылдың 1 мамырынан бастап темір жол көлігі мен халықаралық және мемлекетаралық жүктерді тасу 1951 жылдың 1-қарашасынан бастап қолданылатын Халықаралық темір жол жүк қатынастары туралы келісімде айқындалған шарттармен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің темір жол әкімшіліктері басшыларының ТМД мемлекеттерінің темір жолдарымен жүк тасыған кезде Халықаралық темір жол жүк қатынастары туралы Келісімнің жекелеген баптарын қолдану ережелерін белгілегені (Мемлекетаралық және халықаралық қатынастарда жүктерді тасымалдау құжаттарын ресімдеу мен тасығаны үшін тасымалдау төлемін алу тәртібі туралы 1994 жылғы 21 қаңтардағы келісім) қаперге алынсын.

Бұл ретте қолданылып жүрген халықаралық практикаға сәйкес:

- жөнелтілетін станцияда жөнелтушіден - жөнелтілетін станциядан Қазақстан Республикасы темір жолының шекарасынан шығатын станциясына дейінгі тасымалданатын қашықтық үшін, ал ТМД мемлекеттерінің темір жолдары бойынша темір жолдар жанынан да, сол сияқты меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар тарапынан құрылатын экспедиторлық ұйымдар арқылы транзиттік т а с ы м а л д а у ү ш і н ;

- әкелінетін станцияда жүкті алушыдан - Қазақстан Республикасы темір жолының шекарасына кіретін станциясынан әкелінетін станцияға дейінгі қашықтыққа тасымалдағаны үшін төлем алынады.

3. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі:

- республика аумағында орналасқан, бірақ Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы темір жолдарының құрамына енетін темір жол станцияларында Қазақстан Республикасы "резиденттерінің" жүк тасығаны үшін тарифтерді қолдану мен тасымалдау төлемін есептеудің шектес ТМД мемлекеттерінің темір жол әкімшіліктерімен келісілген тәртібін белгілесін;

Мемлекетаралық және халықаралық қатынастарда жүк тасығаны үшін тасымалдау

құжаттарын ресімдеу мен тасымал төлемін алу тәртібі туралы келісімнің жекелеген параграфтары мен баптарын қолдану тәртібін айқындасын және жүк иелерінің жүк бағасын жариялағаны үшін қосымша алымның және иелерінің өтінімдері бойынша жүкті тасу шарттарына жасаған өзгерісі үшін алымның ставкаларын бекітсін;

темір жол станциялары арасындағы республикалық жүк тасқыны мен вагондар тасқынын ең ұтымды әрі экономикалық жағынан тиімді нұсқалар бойынша бағыттаудың тәртібін қарастырып, белгілесін. Республиканың темір жолдарындағы станциялар арасында жүк тасығаны үшін тасымал төлемдері жөнелту станциясында баратын станциясына дейінгі нақтылы қашықтық бойынша жүретін жолының бәріне алынатын болсын.

4. Жүк тасығаны үшін тарифтік есеп айырысу швейцариялық франкпен белгіленсін.

## 5 . Е с е п а й ы р ы с у :

Қазақстан Республикасының темір жолдары бойынша транзитпен басқа мемлекеттердің жүктері тасылған кезде - еркін айналыстағы немесе өзге де шарттық в а л ю т а м е н ;

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша республика "резиденттері" жүзеге асыратын экспорттық-импорттық тасымалдау кезінде - Қазақстан Республикасының ұ л т т ы қ в а л ю т а с ы м е н ;

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша республиканың "резидент еместері" жүзеге асыратын экспорттық-импорттық тасымалдау кезінде - еркін айналыстағы валютамен немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Еркін айналыстағы валюта Қазақстан Республикасының валютасына Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төлем күніндегі бағамы бойынша айырбасталады.

Жүк тасудан алынған валюталық түсім ол темір жолдың валюталық шотына түскеннен кейін міндетті түрде сатылады.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-министрі*